

«2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «2023-2025 жылдарға арналған Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт туралы» ҚР заңдарының жобалары туралы» мәселе бойынша ҚР Үкіметі отырысындағы ҚРҰБ баяндамасы, Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл, 27 тамыз

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

Ұлттық Банк елдің 2023-2027 жылдарға арналған макроэкономикалық даму болжамдарын әзірлеуге қатысты. Біздің құзыретіміздегі көрсеткіштер бойынша келесіні хабарлаймыз.

БІРІНШІ. Біздің болжамымыз бойынша, **инфляция** 2023 жылдың соңына қарай **базалық мөлшерлемеге** қатысты қабылданатын шешімдер, **контрциклдық бюджет қағидаларын** іске асыруды жоспарлау, **сыртқы инфляциялық** қысымды рет-ретімен төмендету және осы жылғы жоғары база есеп айырысуларынан шығу аясында қазіргі деңгейден **7,5-9,5%-ға** дейін баяулайды.

Қазіргі уақытта Ұлттық Банкте кезекті болжамды раунд өткізіліп жатқанын, оның нәтижесі осы жылғы **5 қыркүйекте** жарияланатынын атап өтемін.

Орта мерзімді кезеңде жаңа күтпеген өзгерістер орын алмаса, инфляция **2024** жылдың соңына қарай нысаналы дәлізге жуықтайтын болады.

ЕКІНШІ. Төлем балансының ағымдағы шоты 2022 жылы экспортталатын шикізатқа жоғары баға аясында

7,2 млрд доллар (жалпы ішкі өнімнің +3,4%-ы) деңгейінде қалыптасқан профицит **2023** жылы **6,2 млрд долларға** дейін (жалпы ішкі өнімнің +2,8%-ы) қысқаратын болады.

2023 жылы төлем балансының әдіснамасы бойынша, тауарлар **экспорты** үкімет белгілеген шикізаттың жоғары бағасын сценарийлік түзетуге байланысты **80,9 млрд долларға** дейін **0,9%-ға** аздап төмендейді.

Тауар **импорты** жоғары деңгейде қалып, **45,7 млрд доллар** (+3,4%) болады. Шетелдік өнімге өсіп келе жатқан сұраныс халық пен бизнестің қажеттіліктерін өтеу үшін қазақстандық өндірістің жетіспеушілігіне, сондай-ақ фискалдық шығыстардың үлкен көлеміне байланысты.

Дайын тауарлардың экспорты төмен деңгейде сақталған кезде шикізат бағасының өсуімен ғана қамтамасыз етілетіндіктен, ағымдағы шот профициті **тұрақсыз** болып табылады.

Төлем балансының сыртқы шоктарға орнықты болуы – Үкіметтің шикізаттық емес экспортты өсіруге және тұтынушылық нарықтарды отандық тауарлармен толықтыруға бағытталған мақсаттарды іске асыру жұмысының **тиімділігін арттыруды** талап етеді.

Назарларыңызға рақмет!